

"Жас өркен" ашық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1110.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы мен "Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Жас өркен" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Жас өркен" ААҚ) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Жас өркен" ААҚ-ның жарғысын бекітсін және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) "Ұлан", "Ақ желкен", "Балдырған" және "Дружные ребята" балалар мерзімді баспасөз басылымдарының мүлкін "Жас өркен" ААҚ-ның жарғылық капиталына беру қарастырылсын;

3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген, Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-6-жолмен толықтырылсын:

"123-6 "Жас өркен" ААҚ";

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180 қаулысымен.

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-1-жолмен толықтырылсын:

" 224-1 "Жас өркен" ААҚ".

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі